Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің сыртқы саяси қырлары" (1991-2012)

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз, ынтымақты. Қазақстанның әрбір өңірі қауіпсіздік шараларын сақтауда. Қазіргі таңда Қазақстанда әртүрлі салалар дамуда. Оның ішінде осы қауіпсіздік шаралары қарқынды даму үстінде. Бұл талаптар жаһандық деңгейде де дамуда. Бұл талаптарға тоқталсақ, мысалы әр елде өз ұлттық қауіпсіздік органдары бар, ол органдар осы жаһандық болсын өңірлік болсын мәселелерге қатысты өз талаптарын қояды. Яғни сол жерде тұрып жатқан жергілікті халық сол талаптарды ұстанып, бағынуы тиіс. Бұл талаптар мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.Талпы жаһандық және өңірлік қауіпсіздіктің жаңа талаптарына тоқталсам ол біріншіден жаһандық терроризм, екіншіден кибернетика.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес ұлттық қауіпсіздіктің сыртқы саяси қырларының бір бөлігі саналады. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша кеңестер, ұйымдар бар мысалы айтсам АӨСШК ұйымы 1992 жылы құрылған, Қазақстанның бастауымен. Бұл ұйым негізінен Азия мемлекеттері арасында өзара қауіпсіздікті, сенімді, ынтымақтастықты нығайтады. АӨСШК Қазақстанның жаһандық қауіпсіздікке қосқан маңызды үлестерінің бірі болып табылады.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

2001 жылы құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы өңірлік қауіпсіздікті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қазақстан ШЫҰ аясында терроризм, экстремизм және сепаратизмге қарсы күреске белсенді қатысып келеді. Ұйым шеңберіндегі Орталық Азиядағы тұрақтылықты сақтауға ықпал етті. 2018 жылы қабылданған Ақтау конвенциясы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындады. Бұл конвенция Каспий маңы елдері арасында ынтымақтастықты, достықты, серіктестікті нығайтып, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ аймақтағы ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылықты сақтауда өте маңызды рөл атқарады. Жалпы алғанда Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттеу аймақтағы қауіпсіздік пен экономикалық ынтымақтастықты нығайтты десек болады. Жалпы менің ойымша Қазақстанның бейбіт бастамалары мемлекет үшін ғана емес, барлық қауымдастық үшін үлгі бола алады. Себебі ел қауіпсіздікті сенім, диалог және жауапкершілік арқылы қамтамасыз етудің тиімді жолын көрсетті.

Қазақстанның шектес мемлекеттермен шекарасын белгілеу де, Қазақстан республикасының ұлттық қауіпсіздігінің маңызды мәселесі. Қазақстанның көршілі мемлекеттерімен мемлекеттік (не) шекарасын заңды түрде белгілеуі өңірлік қауіпсіздіктің маңызды факторы болды. Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстанмен шекара мәселесінің толық шешілуі аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етті.

Қорытындылай келе Қазақстанның қауіпсіздік саласындағы бастамалары өңірлік тұрақтылықты нығайтуға бағытталды. Елдің бейбіт саясаты халықаралық деңгейде бағаланып, Қазақстан мемлекетін сенімді серіктес ретінде танытты.